

## Бұйрық № 36

«Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

2022 жылдың мамыр айының 4-і

### **«2021-2022 оқу жылының аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы»**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14 тармақшасына және Алматы облысы білім басқармасының 2022 жылғы 22 сәуірдегі №547–н санды бұйрығына сәйкес, сондай – ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 3 мамырдағы №77-н бұйрығын негізге ала отырып 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және мектепте оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру және мектеп бітіру қорытынды аттестаттау өткізу мақсатында **бұйырамын:**

Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу төмендегі тәртіпте белгіленсін:

- 1) Мектепте мектепалды даярлық, 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
- 2) 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары -2022 жылғы 28 мамыр-6 маусым аралығында
- 3) 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік қорытынды бітіру емтихандары 2022 жылғы 27 мамыр -10 маусым аралығында өткізілсін.
- 4) 9-сынып білім алушылары негізгі орта білім курсы бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып қорытынды аттестаттауда 4 міндетті емтихан тапсырады:
  1. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан -28 мамыр;
  2. Алгебрадан жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)– 31 мамыр;
  3. Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан- 3 маусым;
  4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан- 6 маусым;
- 5) 11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
  1. Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 27 мамыр;
  2. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша (эссе) жазбаша емтихан-30 мамыр;
  3. Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2 маусым;
  4. Орыс тілінен жазбаша емтихан (тестілеу) – 7 маусым;
  5. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан 2022 жылғы 10 маусымда өтілсін.

- 6) 9,11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2022 жылғы 11-15 маусым аралығында өткізілсін.
- 7) Мектепте 2021-2022 оқу жылын аяқтауды осы бұйрық талаптары мен ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) бұйрығының талаптарына сәйкес аяқтау қамтамасыз етілсін.
- 8) Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту бойынша іс шара жоспарын жасау, сабақ кестесін дайындап білім бөліміне жіберу Х.Абдрахмановаға міндеттелсін.
- 9) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Абдрахмановаға жүктелсін.

Мектеп директоры  Н. Бирликбаева

